

## **«24 балалар спорт залы» қайырымдылық жобасы (бұдан әрі – Жоба)**

### **Жоба мақсаты:**

Балалар үшін спортқа қол жетімділік деңгейі төмен елдің шалғай елді мекендерінде балалар спортының қолжетімділігін арттыру.

### **2022 жылға арналған Жоба бюджеті:**

183 623 000 теңге

### **Қайырымдылық көмек алушылардың мақсатты тобы:**

Шалғайдағы аудандарда не ауылдық жерлерде тұратын, табысы төмен аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан, 5 жастан 18 жасқа дейінгі балалар, сондай-ақ даму ерекшелігі (инклюзивтілігі) бар балалар.

**Негіз:** Елдің шалғай елді мекендерінде тұратын балалардың отбасыларында қаржылық мүмкіндіктердің болмауы оларды отбасының әлеуметтік осал санатына жатқызады.

### **Жобаның қысқаша сипаттамасы:**

Жобаны іске асыру балаларды дене шынықтырумен қамтуды, спортпен айналысу арқылы денсаулығын нығайтуды және соның салдарынан энергияны спорттық өзін-өзі іске асыруға бағыттап отырып, денсаулыққа зиянды әдеттер мен іс-әрекеттерді қалдыруды қамтамасыз етеді.

Балаларға арналған қайырымдылық спорт залдарын ашу жобасының ерекшелігі балалар арасында спортпен айналысу үшін жағдай жасау ғана емес, сонымен қатар спорт секцияларына бару барысында болашақ спортшыларды адамгершілік тәрбиелеу, салауатты өмір салтын, достық, өзара көмек, қолдау құндылықтарын, зал бойынша жаттықтырушылар тарапынан бір клубтарды насихаттау болып табылады.

«Батыр боламын» қоғамдық қоры еліміздің облыстары мен аудандарының әкімдіктерімен бірлесіп балаларды спортпен қамту қажеттілігін пысықтады, спорттық инфрақұрылымы (залдары, спорттық секциялары) жоқ елді мекендер (негізінен ауылдық жерлер) айқындалды. Спорт залдарын ашу болжанатын 24 бірлік елді мекендер мен объектілердің тізбесі жасалды. Әрбір жер бойынша спорт залдарын ашу жоспарланып отырған елді мекеннің және объектінің сипаттамасы бойынша егжей-тегжейлі ақпараты бар чек-парақ қалыптастырылды. Жергілікті жерлерде облыс әкімдіктерінің қызметкерлерімен Қор волонтерлерінің өңірлік желісінің өкілдері жұмыс істейді.

- еліміздің 6 облысының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларға арналған 24 балалар спорт залын жабдықтау;
- «Батыр боламын!» Республикалық қоғамдық спорттық қозғалысын іске қосуға дайындық;
- «Шексіз спортпен өсу» тәлімгерлігі негізінде баланы тәрбиелеу және дене дамуы әдістемесінің тұжырымдамасын әзірлеу, оның ішінде даму инклюзивтілігі бар балалар үшін;
- елдің 6 облысында 6 өңірлік қамқоршылық кеңесін құру;
- «Дені сау ұлттың тәлімгерлері» бірыңғай цифрлық платформасының тұжырымдамасын жасау.

### **Жобаны іске асыру бойынша серіктестер:**

«Батыр боламын» Қоғамдық қоры

### **Жобаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері:**

2022 жылғы мамыр-желтоқсан айлары.